

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2015 жылғы 9 айдағы

Ақпан, 2016

Бұл жарияланымды Төлем балансы, валюталық реттеу және статистика департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны қалыптастыруға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым ақпан, мамыр, тамыз және қараша айларында шығады. Екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректерді есептеу әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын сәуірде және қазанда жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу – валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні – 2015 жылғы 30 желтоқсан. 2013-2014 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2015 жылғы 30 қыркүйек.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы, валюталық реттеу және статистика департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-46-21 (төлем балансы)

270-46-40 (халықаралық инвестициялық позиция)

270-46-44 (сыртқы борыш)

электрондық почта: stsoy@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz/> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

<i>Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 айдағы төлем балансы</i>	4
--	---

<i>Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 30 қыркүйектегі халықаралық инвестициялық позициясы</i>	37
---	----

Қосымшалар:

<i>I қосымша. Төлем балансына талдамалық қосымшалар</i>	62
---	----

I.1-қосымша. ҚР-ның 2014 жылғы және 2015 жылғы 9 айдағы сыртқы сауда айналымы.....	62
I.2-қосымша. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы	63
I.3-қосымша. Жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны талдау және сандық жеткізулер.....	64
I.4-қосымша. Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы.....	65
I.5-қосымша. 2013-2015 жж. 9 айдағы үшін кеңейтілген жіктеу бойынша ҚР-ның халықаралық қызмет көрсету балансы	66
I.6-қосымша. Қызмет көрсетудің сыртқы саудасының географиялық құрылымы	68
I.7-қосымша. Бастапқы кірістердің балансы	69
I.8-қосымша. Қайталама кірістердің балансы	70
I.9-қосымша. 2014-2015 жж. 9 айдағы үшін жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	71
I.10-қосымша. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну).....	72
I.11-қосымша. Қысқа мерзімді капитал ағындары	73
I.12-қосымша. Нақты тиімді айырбастау бағамының индексі	74
I.13-қосымша. Мұнай саудасын есептемегенде нақты тиімді айырбастау бағамының индексі	75
I.14-қосымша. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	76

<i>II қосымша. Инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы</i>	78
---	----

II.1-қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңнің аяғындағы позиция.....	78
II.2-қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар	79
II.3-қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі кірістер.....	81
II.4-қосымша. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	83
II.5-қосымша. Елдер бойынша Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	85
II.6-қосымша. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	88
II.7-қосымша. Елдер бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы ағыны.....	90

<i>III қосымша. Қазақстан Республикасының 2014-2015жж 9 айдағы елдер бойынша қызмет түрлері бойынша қызмет көрсетудің сыртқы саудасы</i>	<i>92</i>
<i>IV қосымша. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позициясына методологиялық түсіндірме</i>	<i>105</i>
<i>V қосымша. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы</i>	<i>110</i>
<i>VI қосымша. Төлем балансының талдама индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері</i>	<i>114</i>
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 30 қыркүйектегі сыртқы борышы	119
<i>1-қосымша. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыну</i>	<i>128</i>
<i>2-қосымша. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері</i>	<i>130</i>
<i>3-қосымша. 2015 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша орын алып отырған сыртқы борышқа қызмет көрсету бойынша төлем кестесі</i>	<i>131</i>
<i>4-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: Өтеуге дейін қалған мерзім бойынша қысқамерзімді борыш, секторлар бойынша көрсетілген</i>	<i>132</i>
<i>5-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш</i>	<i>133</i>
<i>6-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: шетел валютасындағы сыртқы борыш</i>	<i>134</i>
<i>7-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: резиденттер шығарған және бейрезиденттерге эмиссия орны бойынша тиесілі борыштық бағалы қағаздар</i>	<i>135</i>
<i>8-қосымша. Елдер бойынша сыртқы борыш</i>	<i>136</i>
<i>9-қосымша. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша сыртқы борышы</i>	<i>138</i>
<i>10-қосымша. Мемлекеттік сектордың кеңейтілген айқындаудағы 2015 жылғы 30 қыркүйектегі сыртқы борышы</i>	<i>140</i>
<i>11-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: Кредиторлар мен қарыз алушылар секторлары бойынша сыртқы борыш</i>	<i>141</i>
<i>12-қосымша. Сыйақы мөлшерлемелерінің түрі бойынша сыртқы борыш</i>	<i>142</i>
<i>13-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: Ағындар мен қорларды келісу</i>	<i>143</i>
<i>14-қосымша. 2015 жылғы 3-тоқсанда жасалынған шарттар бойынша мемлекеттік емес сыртқы қаржы қаражатының болжанған тарту көлемдері</i>	<i>144</i>
<i>15-қосымша. Сыртқы борыш көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі</i>	<i>155</i>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

2015 жылғы 9 айдағы

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін қалған елдермен елдің экономикалық операциялары жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді.

Ағымдағы операциялар шоты

Энергия тасымалдауыштар бағасының төмен болуы жағдайында экспорттың жалғасып отырған құлдырауы және салдары ретінде шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің күрт қысқаруы 2015 жылғы 9 айдың төлем балансының ағымдағы шотының жай-күйіне белгілі бір әсер етті. 2014 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ағымдағы операциялардың 6,1 млрд. доллар¹ оң дисбалансы есепті кезеңде² 3,8 млрд.долларды немесе ІЖӨ-нің (-) 2,7%-ын құрай отырып теріс дисбалансқа ауысты.

Тауарлар экспортының қысқаруымен салыстырғанда тауарлар импортының төмендеу қарқыны аз болған кезде сауда балансының оң сальдосы базалық кезеңдегі 30,6 млрд.доллардан 10,4 млрд.долларға дейін азайды.

Brent сұрыпты мұнайдың орташа айлық бағасы 2015 жылғы қаңтар-қыркүйекте бір баррель үшін 55,4 долларды құрады, бұл оның 2014 жылғы осындай кезеңдегі деңгейінен 48%-ға төмен.

Шикізат тауарларының әлемдік бағаларынан кейін экспорттың орташа келісімшарттық бағалары базалық кезеңге қарағанда 38%-ға төмен болды. Бұл ретте Қазақстан импорттайтын өнімнің бағалары 14%-ға төмендеді, қорытындысында сауда талаптарының экспорттың келісімшарттық бағалары өзгерісінің импорттың келісімшарттық бағалары өзгерісіне қатынасы ретінде есептелетін орташа алынған индексі есепті кезеңде базалық кезеңнің көрсеткішінен 27%-ға төмен болды (1-кесте).

1-кесте

Баға индекстері мен сауда талаптарының өзгеруі (өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда пайызбен)


	2014ж. 1-тоқ.	2014ж. 2- тоқ.	2014ж. 3-тоқ.	2014ж. 9 ай	2015ж. 1-тоқ.	2015ж. 2-тоқ.	2015ж. 3- тоқ.	2015ж. 9 ай
Экспорттық бағалар	-4	-5	4	-2	-34	-41	-39	-38
Импорттық бағалар	4	5	-8	0	-19	-13	-10	-14
Сауда талаптары	-8	-9	14	-1	-19	-32	-32	-27
<i>оның ішінде</i>								
<i>Еуро аймақ елдері</i>								
Экспорттық бағалар	-1	-6	7	0	-41	-46	-46	-44
Импорттық бағалар	71	23	30	41	-18	-10	-15	-14
Сауда талаптары	-42	-24	-18	-28	-28	-39	-36	-34
<i>Ресей</i>								
Экспорттық бағалар	-10	-3	4	-3	-22	-16	-30	-23
Импорттық бағалар	-5	-3	-1	-3	-30	-22	-32	-28
Сауда талаптары	-5	0	5	0	10	7	3	7

¹ Мұнда және бұдан әрі мәтін бойынша - АҚШ доллары

² Мұнда және бұдан әрі есепті кезең ретінде 2015 жылғы 9 ай, ал базалық кезең ретінде 2014 жылғы 9 ай қаралады.

Бейрезиденттерге инвестициялық кірістер төлеудің айтарлықтай құлдырауы нәтижесінде бастапқы кірістердің теріс дисбалансы ағымдағы шотқа қысымды оның дефицитін азаю жағына қарай төмендете отырып, 9,0 млрд. долларға дейін 2 еседен астам қысқарды.

Ағымдағы операциялар шотының басқа құрауыштары (көрсетілетін қызметтер және қайталама кірістер) бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі базалық кезеңмен салыстырғанда 0,6 млрд.долларға қысқара отырып 5,2 млрд.долларды құрады.



Сыртқы сауда және сауда балансы

Төлем балансын жіктеу бойынша сыртқы сауда айналымы (ресми статистиканың деректеріне түзетулерді және СИФ импортының құнын ФОБ бағасына дейін түзетуді ескере отырып) 2015 жылғы қаңтар-қыркүйекте 61,9 млрд. АҚШ долларын құрады, ол базалық кезеңге қарағанда 32,9 млрд.долларға аз болды. Тауар айналымының 34,7%-ға қасқаруына экспорттың 42,4%-ға және импорттың 19,8%-ға қысқаруы себепші болды.

Тауар айналымының ІЖӨ-ге қатынасы ретінде есептелетін экономиканың ашықтық көрсеткіші базалық кезеңмен салыстырғанда экспорт үлесінің 17,9%-ға төмендеуі және импорт үлесінің 4,8%-ға қысқаруы нәтижесінде 22,7%-ға қысқарды (2-кесте).

2-кесте

Экономиканың ашықтығы

(ІЖӨ-ге пайызбен)

	2012ж. 9 ай	2013 ж. 9 ай	2014 ж. 9 ай	2015 ж. 9 ай
Экспорт	47,5	40,9	43,0	25,1
Импорт	24,4	23,0	21,0	16,3
Тауар айналымы	71,9	63,9	64,1	41,4

Ресми **тауарлар экспорты** 2015 жылғы 9 айда 35,7 млрд. долларды құрады, бұл базалық кезеңнің көрсеткішінен 26,4 млрд. долларға аз.

Құндық экспорттың төмендеуіне негізінен минералдық өнімдерді жеткізудің 26,4 млрд. долларға дейін 47,9%-ға қысқаруы себепші болды. Осы топтың экспорттың жалпы көлеміндегі үлесі 7,7%-ға төмендеді, қорытындысында тауарлық шоғырлану коэффициенті базалық кезеңдегі 82,1%-дан есепті кезеңдегі 75,3%-ға дейін қысқарды (3-кесте).

3-кесте

Қазақстан Республикасы экспортының тауарлық құрылымы
(ресми статистика деректері бойынша)

Тауарлар тобы	2014 ж. 9 ай	2015 ж. 9 ай
<i>Құны (млн. АҚШ долл.)</i>		
Барлық тауар	62 118,3	35 734,1
Негізгі номенклатура, оның ішінде	59 202,3	34 201,2
Минералдық өнімдер	50 643,8	26 393,7
<i>оның ішінде мұнай және газ конденсаты</i>	42 726,1	21 833,8
Қара металдар	2 578,0	1 885,9
Түсті металдар	2 853,1	3 050,5
Астық	817,0	529,2
Басқа да тауарлар	2 915,1	1 526,7
<i>Үлес салмағы (%-бен)</i>		
Барлық тауар	100	100
Негізгі номенклатура, оның ішінде	95,3	95,7
Минералдық өнімдер	81,5	73,9
<i>оның ішінде мұнай және газ конденсаты</i>	68,8	61,1
Қара металдар	4,2	5,3
Түсті металдар	4,6	8,5
Астық	1,3	1,5
Басқа да тауарлар	4,7	4,3

Есепті кезеңде өңделмеген мұнайды нақты жеткізу базалық кезеңмен салыстырғанда 2,7 млн. тоннаға (5,3%) төмендеді, барлығы 21,4 млрд. доллар сомаға 48,7 млн. тонна мұнай экспортталды.

Жалпы экспорттың өсуі түсті металдар тобы бойынша ғана байқалды. Түсті металдар экспорты құнының өсуіндегі шешуші рөлді сандық фактор атқарды. Неғұрлым өсу мыс бойынша тіркелді, оны әкету 1,4 млрд. долларға дейін 186,3 млн. долларға (15%) өсті. Бұл ретте мысты нақты жеткізу 253,7 мың тоннаға дейін 36,3%-ға өсті, ал орташа келісімшарттық бағалар бір тонна үшін 5615 долларға дейін 15,6%-ға қысқарды. Мыс бағасының әлемдік конъюнктурасы сондай-ақ базалық кезеңмен салыстырғанда бір тонна үшін 6940,4 доллардан 5718,9 долларға дейін 17,5%-ға төмендегенін көрсетті.

Астық экспорты құнының төмендеуі бидайдың келісімшарттық бағасының 9,5%-ға және оны сандық жеткізудің 2,1 млн. тоннаға дейін 28%-ға қысқаруы есебінен болды. Бидайдың әлемдік бағасы есепті кезеңде бір тонна үшін 293,8 доллардан 212,7 долларға дейін 27,6%-ға төмендеді.

Уәкілетті органдардың ресми деректері бойынша **тауарлар импорты** 2015 жылғы қаңтар-қыркүйекте 23,2 млрд. долларды құрады, бұл базалық кезеңге қарағанда 7,2 млрд.долларға аз. Бұл ретте әкелу құнынң құлдырауы импорттық номенклатураның барлық негізгі тауарлар топтары бойынша тіркелді.

Тікұшақтарды әкелудің 293,4 млн. долларға (50,9%), телефон аппараттарын әкелудің 226,8 млн. долларға (30,3%), темір жол локомотивтерін әкелудің 221,2 млн. долларға (99,4%), есептеу машиналарын әкелудің 195,7 млн. долларға (44%), автомобиль-самосвалдарды әкелудің 176,8 млн. долларға (48,5%) азаюы нәтижесінде инвестициялық тауарлар тобы бойынша импорттың 2,8 млрд. долларға айтарлықтай абсолютті қысқаруы байқалды.

Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларын әкелу 1,4 млрд. долларға (15,2%-ға) қысқарды, олардың импорт құнындағы үлес салмағы бұл ретте 3,5%-ға 34,5%-ға дейін өсті. Аралық импорттың қысқаруы негізінен мұнай және газ конденсаты импортының 133,4 млн. долларға (91%-ға), бензиннің 87,2 млн. долларға (11%-ға), тоқпен жүретін рельстердің 80,5 млн. долларға (83,6%-ға) төмендеуімен байланысты болды.

Тұтынушылық импорттың қысқаруы азық-түлікке жатпайтын тауарлардың әкелінуінің 2,2 млрд. долларға (33,3%) және азық-түлік тауарларының 538,8 млн. долларға (18,8%) төмендеуімен қамтамасыз етілді. Азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарларының тобында тауарлар тобындағы үлес салмағы 17,3% (базалық кезеңде 28,9%) болатын жеңіл автокөлік құралдары импортының 61,6%-ға 694 млн. долларға дейін айтарлықтай төмендеуі тіркелді. Дәрі-дәрмектің әкелінуі 108,7 млн. долларға (13,8%) 677,1 млн. долларға дейін қысқарды (4-кесте).

4-кесте

**Қазақстан Республикасы импортының тауарлық құрылымы
(импорт ресми статистиканың деректері бойынша СИФ бағасымен)**

Тауарлар тобы	2014 жылғы 9 ай	2015 жылғы 9 ай
<i>Құны (млн. долл.)</i>		
Барлық тауар	30 388,9	23 156,6
Тұтыну тауарлары	9 130,0	6 318,3
Азық-түлік тауарлары	2 865,9	2 327,1
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	6 264,1	3 991,2
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	9 425,9	7 993,3
Инвестициялық тауарлар	11 266,1	8 444,6
Басқа да тауарлар	555,4	390,5
<i>Үлес салмағы (%-бен)</i>		
Барлық тауар	100	100
Тұтыну тауарлары	30,0	27,3
Азық-түлік тауарлары	9,4	10,0
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	20,6	17,2
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	31,0	34,5
Инвестициялық тауарлар	37,1	36,5
Басқа да тауарлар	1,8	1,7

Тауарлардың ресми тіркелетін сыртқы саудасының географиялық құрылымы 2015 жылғы қаңтар-қыркүйекте былайша қалыптасты: сауда айналымының 45,5%-ы Еуропа елдеріне (оның ішінде Италияға – 12,5%), ТМД елдеріне – 26,4% (оның ішінде 18,9%-ы Ресей Федерациясына), Азия елдеріне – 24,1%-ға (оның ішінде ҚХР – 14,1%), басқа елдерге – 4% тиесілі.

Ресми статистикаға сәйкес тауарлар экспорты 29,3%-ға қысқарған кезде және тауарлардың әкелінуі 24,1%-ға қысқарған кезде **Еуразиялық экономикалық одаққа** қатысушы елдермен тауар айналымы есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 25,8%-ға қысқарып, 12,1 млрд. долларды құрады.

Еуропалық Монетарлық Одақ мемлекеттерімен тауар айналымы есепті кезеңде 41,5%-ға қысқарды, бұл кезеңде тауарлардың экспорты 45,8%-ға импорты 14,1%-ға қысқарған болатын. Тауарлардың ЕМО елдеріне таза экспорты 12,7 млрд. долларды құрады, ал базалық кезеңде ол 26,3 млрд. долларын құраған болатын.

Ресей Федерациясымен саудада тауар айналымы 25,6%-ға қысқарып, 11,1 млрд. долларды құрады, бұл ретте экспорт 30,5%-ға, импорт 23,2%-ға қысқарды.

Қамту бойынша түзетулер:

Ресми статистикада ескерілмейтін жеке тұлғалардың тауар айналымы («бақыр» сауда) есепті кезеңде 4,1 млрд. доллар деп бағаланды, оның ішінде Қазақстаннан шығарылған тауарлардың құны 0,5 млрд. доллар, ал әкелінген тауарлар 3,6 млрд. доллар болды. «Бақыр» сауданың теріс сальдосы 2,9 млрд. долларды құрап, 0,5 млрд. долларға ұлғайды.

Кедендік бақылау комитетінен алынған жеке тұлғалардың кедендік кіріс ордерлерін ресімдей отырып, жеке пайдалануы үшін жеңіл автомобильдерді әкелуі туралы деректердің және әріптес елдердің қарастырылып отырған кезеңдегі табиғи газдың жеткізілуі туралы деректерінің негізінде ресми импорттың құнына тиісінше 6 млн. доллар және 67,8 млн. доллар сомаға қосымша есеп жүргізілді.

Әдіснамалық стандарттарға сәйкес халықаралық сауда статистикасында есепке алынбайтын тауарлардың ресми импортта көрсетілуіне байланысты ресми импорттың деректеріне оны 2,3 млн. доллар сомаға қысқарту бөлігінде түзету енгізілді.

Көлік кәсіпорындарының есептік деректері бойынша отынды және азық-түлікті шет елде сатып алу (импорт) шығыстары 39,5 млн. доллардан асты, Қазақстандағы бейрезиденттердің көлік компанияларының осындай (экспорт) шығындары шамамен 82,4 млн. долларды құрады.

2014 жылдың 3-тоқсанынан бастап төлем балансы бойынша статистикалық есептілікте тауарлардың Қазақстан аумағына әкелуінсіз шет елде қайта сатылуы жөніндегі операциялар, сондай-ақ тауарларды Қазақстанда және одан тыс қайта өңдеу жөніндегі операциялар көрсетіледі. Кәсіпорындардың есептік деректері бойынша жүргізілген операциялар нәтижесінде 26,3 млн. доллар сомасына шет елде тауарлар сатылған, ал 23,1 млн. доллар сомасына сатып алынған, нәтижесінде тауарлардың шет елде қайта сатылуы шеңберіндегі таза экспорты 3,2 млн. долларды құрады.

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес меншік құқығына өтпей қайта өңдеуге арналған тауарлар тауарлардың экспортына/импортына кіргізілмейді. Тауарларды қайта өңдеумен байланысты операциялар бойынша кәсіпорындардың есептілігіне сәйкес талданып отырған кезеңде республикадан тыс жіберілген тауарлардың құны 264,6 млн. долларды, ал шет елден

алынған тауарлар құны 217,6 млн. долларды құрады. Бұл көлемдерге тауарлардың ресми экспорты мен импортының құнына қатысты түзетулер енгізілді.

Халықаралық қызметтер балансы

Есепті кезеңде 13,3 млрд. долл. құраған қызметтердің сыртқы сауда айналымы базалық кезеңмен салыстырғанда 7,0%-ға (991,7 млн. долларға) қысқарды.

Қазақстанның халықаралық сауда қызметтерінің географиялық құрылымында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге талданып отырған кезеңдегі қызметтердің сыртқы сауда айналымының 25,1%-ы тиесілі болды, ал Еуропа мен Азия елдерінің үлесі тиісінше 28,2% және 22,6%-ды құрады. Экспорт пен импорттың елдер бойынша құрылымында Ресей Федерациясы басқа елдерді артқа қалдырып, бірінші орында тұр, экспорт көлемі бойынша – 32,0% және импорттың жалпы құны бойынша 16,0%.

Қызметтер балансының есепті кезеңдегі тапшылығы базалық кезеңнің көрсеткішімен салыстырғанда 19,2%-ға төмендеп, 3,8 млрд. доллар болып қалыптасты. Қызметтер экспорты аздап түскен кезде (1,0%-ға) қызметтердің теріс теңгерімсіздігінің қысқаруы қызметтер импортының төмендеуімен (10,0%-ға) қамтамасыз етілді (5-кесте).

5-кесте

Халықаралық қызметтер балансының құрауыштары (2014 жылдың 9 айымен салыстырғанда 2015 жылғы 9 айда)

млн. АҚШ долл.

	Экспорт		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Импорт		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))
	2014 жылғы 9 ай	2015 жылғы 9 ай		2014 жылғы 9 ай	2015 жылғы 9 ай	
БАРЛЫҒЫ	4 795,40	4 746,08	-1,0%	9 448,65	8 506,24	-10,0%
Материалдық ресурстарды өңдеу қызметтері	2,33	12,50	4,3 есе	15,02	32,26	1,2 есе
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері	30,12	37,33	23,9%	142,43	162,92	14,4%
Көлік қызметтері	2860,86	2637,71	-7,8%	1768,97	1344,13	-24,0%
Туризммен байланысты қызметтер (сапарлар)	1121,76	1182,04	5,4%	1471,86	1496,71	1,7%
Құрылыс	57,02	164,64	1,9 есе	1194,71	1051,22	-12,0%
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	47,28	57,66	21,9%	39,44	41,97	6,4%
Қаржылық қызметтер	17,28	18,61	7,7%	83,70	86,60	3,5%
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	108,58	106,71	-1,7%	226,77	256,93	13,3%
Зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу	0,47	0,54	16,1%	112,06	115,14	2,7%
Басқа да іскерлік қызметтер көрсету	374,96	327,02	-12,8%	4209,55	3710,88	-11,8%
Жеке адамдарға қызмет көрсету және мәдениет пен демалыс саласында қызмет көрсету	1,34	1,18	-12,4%	57,83	52,02	-10,1%
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	173,40	200,13	15,4%	126,31	155,45	23,1%

Қызмет көрсету экспорты талданып отырған кезеңде 4,7 млрд. доллар болып қалыптасты. Оның аздап төмендеуі көбінесе көрсетілген қызметтер көлемінің жартысынан астамын құрайтын бейрезиденттерге көрсетілген көлік қызметтерінің 7,8%-ға төмендеуіне байланысты болды. Қаралып отырған қызметтердің құрылымында қазақстандық көлік кәсіпорындарының жүктерді тасымалдау бойынша кірістері 2,3 млрд. долларға дейін 6,7%-ға төмендеді, оның ішінде республиканың аумағы арқылы мұнай мен газдың құбыр арқылы транзиті үшін бейрезиденттерден түскен түсімдердің 1,6 млрд. долларға дейін 3,6%-ға қысқаруы есебінен төмендеді. Бейрезиденттерден алынған көлік қызметтерінің айтарлықтай төмендеуі (24,0%-ға) нәтижесінде «Тасымалдау» бабы бойынша оң сальдо 201,7 млн. долларға ұлғайып 1,3 млрд. доллар болды.

Қызметтер көрсету экспортының басқа негізгі «Жол жүру» бабы бойынша (есепті кезеңдегі экспорттың көлемінде 24,9%) жағымсыз сальдо отандық туристтердің шетелдік сапарларына жұмсалған шығыстарының өсімімен (1,7%-ға) салыстырғанда, бейрезиденттердің Қазақстанға келуіне жұмсалған шығыстарының айтарлықтай өсуі (5,4%-ға) есебінен 314,7 млн. долларға дейін 11,3%-ға төмендеді.

Қызмет көрсету импорты есепті кезеңде 8,5 млрд. доллар сомасында қалыптасты. Бейрезиденттердің көлік қызметтерімен қатар импортталатын қызметтер көлемінің қысқаруына басқа да іскерлік қызметтер ең үлкен үлес қосты, олардың импортының құны 11,8%-ға азайды.

Сомасы 3,7 млрд. доллар құрайтын басқа іскерлік қызметтер құрылымында сәулет, инженерлік және басқа да техникалық қызметтердің импорты 1,6 млрд. долларға дейін 22,3%-ға төмендеді, ал бизнес пен басқару бойынша консультациялар беру жөніндегі қызметтер – 1,1 млрд. долларға дейін 11,2%-ға төмендеді.

Бастапқы кірістер балансы

Есепті кезеңде бастапқы кірістер балансының теріс сальдосы 9,0 млрд. доллар (базалық кезеңде 18,8 млрд. доллар) болып қалыптасты. Бұл ретте бейрезиденттерге еңбек және капитал қызметтерін көрсетуден алынатын кірістер 1,5 млрд. долларға дейін 2,6%-ға азайды, ал бейрезиденттерге төленетін кірістер 10,5 млрд. долларға дейін 48,2%-ға қысқарды.

Еңбекақы төлеу. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша еңбекақы төлеу балансының теріс сальдосы базалық кезең деңгейінен шамалы төмендеп (2,2%-ға), 1,3 млрд. доллар құрады. Шетелде жұмыс істейтін резиденттердің және республика аумағында шетелдік елшіліктерге және халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне жұмысқа тартылған Қазақстан азаматтарының еңбегіне ақы төлеу 2,9 млн. долларға бағаланды. Қазақстанда жұмыс істейтін шетел азаматтарының кірістері шамалы (2,2%-ға) төмендеді, бұл ретте қазақстандық кәсіпорындар жұмысқа тартқан бейрезиденттердің есепке алынған жалақысы 6,6%-ға қысқарып, 532,0 млн. доллар құрады. ТМД елдерінен ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау 767,4 млн. доллар құрады.

Инвестициялардан түскен кірістер. Инвестициялық кірістер балансының тапшылығы базалық кезеңдегі 17,5 млрд. доллармен салыстырғанда 7,8 млрд. доллар болды (6-кесте).

Құралдардың түрлері бойынша инвестициялардан кірістер

млн. АҚШ доллары

	2012 9 айда	2013 9 айда	2014 9 айда	2015 9 айда
Алынатын кірістер	1462,8	1709,0	1438,8	1399,0
Тікелей инвестициялар	183,3	324,4	86,7	212,8
Жеке сектордың портфельдік инвестициялары	124,4	110,5	124,8	137,5
Бейрезиденттерге кредиттер	354,2	345,8	279,5	212,1
Шетелдік банктердегі жеке сектордың депозиттік және корреспонденттік шоттары	37,3	28,3	27,9	40,2
ҚҰБ халықаралық резервтері мен Ұлттық Қордың активтері	760,2	898,7	918,0	790,5
Басқа да инвестициялық кірістер	3,4	1,3	1,9	5,8
Төленетін кірістер	21895,9	19665,4	18981,7	9220,8
Тікелей инвестициялар	19170,5	17240,9	16542,8	6913,5
Портфельдік инвестициялар	1675,8	1267,9	1290,9	1293,5
Бейрезиденттерден кредиттер	1007,1	1119,3	1100,1	983,4
Бейрезиденттердің Қазақстан банктеріндегі депозиттік және корреспонденттік шоттары	39,7	30,1	41,3	24,6
Басқа да инвестициялық кірістер	2,8	7,2	6,7	5,9
Инвестициялық кірістер балансы	-20433,1	-17956,3	-17543,0	-7821,8

ҚР Ұлттық Банкінің халықаралық резервтерден және шетел валютасындағы басқа активтерден түскен кірістері есепті кезеңде 134,2 млн. доллар болды. ҚР Үкіметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын (661,6 млн. доллар) негізінен шетелдік активтерге орналастырудан түскен 514,6 млн. доллар кірістері (нетто) базалық кезеңмен салыстырғанда 30,8%-ға қысқарды (7-кесте).

Экономика секторлары бойынша инвестициялық кірістер балансын бөлу

млн. АҚШ доллары

	2012 9 айда	2013 9 айда	2014 9 айда	2015 9 айда
Инвестициялық кірістер балансы	-20433,1	-17956,3	-17543,0	-7821,8
<i>Орталық Банк</i>	<i>166,0</i>	<i>183,8</i>	<i>139,8</i>	<i>134,1</i>
Алынатын кірістер	166,0	184,1	140,2	134,2
Төленетін кірістер	0,0	0,3	0,4	0,1
<i>Мемлекеттік басқару секторы</i>	<i>545,8</i>	<i>672,1</i>	<i>743,6</i>	<i>514,6</i>
Алынатын кірістер	594,3	714,7	779,0	661,6
Төленетін кірістер	48,5	42,6	35,4	147,0
<i>Банктер</i>	<i>-770,2</i>	<i>-608,0</i>	<i>-560,3</i>	<i>-417,3</i>
Алынатын кірістер	242,7	257,2	227,2	234,7
Төленетін кірістер	1013,0	865,2	787,5	652,0
<i>Басқа секторлар</i>	<i>-20374,6</i>	<i>-18204,3</i>	<i>-17866,1</i>	<i>-8053,2</i>
тікелей инвестициялау операциялары бойынша алынатын кірістер	240,7	316,7	79,4	206,7
тікелей инвестициялау операциялары бойынша төленетін кірістер	18989,6	16927,3	16214,8	6676,4
басқа да алынатын кірістер	219,1	236,4	212,9	161,8
басқа да төленетін кірістер	1844,8	1830,1	1943,6	1745,3


Банк секторы бойынша төленетін кірістер 652,0 млн. доллар (базалық кезеңде 787,5 млн. доллар) болды. Банктер тартқан қаржы инвестициялары бойынша сыйақы төлемдері 414,9 млн. долларға дейін 9,7%-ға төмендеді, оның ішінде қазақстандық банктер шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша 257,3 млн. доллар есептелді, ал несие мен қарыздарға қызмет көрсету бойынша 96,2 млн. доллар жұмсалды.

Басқа секторлардың операциялары бойынша теріс сальдо базалық кезеңмен салыстырғанда 54,9%-ға төмендеп, 8,1 млрд. доллар болып қалыптасты. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес бейрезидент кредиторлардың нетто-кірістері 1,6 млрд. долларға дейін 8,5%-ға төмендеді, ал бейрезиденттердің тікелей инвестициялау операциялары бойынша нетто-кірістері 59,9%-ға азайып, 6,5 млрд. доллар құрады.

Қайталама кірістер

Есепті кезеңдегі қайталама кірістер балансының тапшылығы 1,4 млрд. доллар құрады, базалық кезеңмен салыстырғанда оның 23,5%-ға ұлғаюы көбінесе мемлекеттік басқару органдарының операциялары есебінен болды. Жалпы алғанда, бейрезиденттерге төленетін кірістер қысқарып (2%-ға) шамамен 2,8 млрд. доллар құрады, ал бейрезиденттерден түскен олардың көлемдері 1,4 млрд. долларға дейін 19,1%-ға азайды (2-диаграмма).

2-диаграмма. Қайталама кірістер балансының негізгі құрамдас бөліктерінің серпіні



Мемлекеттік басқару органдарының кірістері. Мемлекеттік сектордың базалық кезеңдегі трансферттік операцияларының 221,2 млн. долларлы оң дисбалансы трансферттік түсімдер 19,5%-ға қысқаруы және трансферттік төлемдер 5,7%-ға ұлғаюы нәтижесінде есепті кезеңнің қорытындылары бойынша 123,5 млн. долларлы теріс дисбалансқа ауысты. Мемлекеттік басқару органдарының қайталама кірістері балансының сальдолық көрсеткіштерінің өзгеруі, бірінші кезекте, Ресей бюджеті Қазақстанға мұнай өнімдерін бажсыз жеткізу салдарынан алмаған кірістерді өтеу үшін Ресейге өңделмеген мұнайды жеткізу құнын көрсетумен байланысты.


Басқа секторлардың кірістері. Басқа секторлардың трансферттік операцияларының балансы, негізінен, жеке тұлғалар арасындағы ағымдағы трансферттердің серпінімен айқындалады. Шетелден алынған жеке тұлғалардың өтеусіз ақша аударымдары есепті кезеңде базалық кезеңмен салыстырғанда 28,5 млн. долларға 136,3 млн. долларға дейін қысқарды, ал

Қазақстаннан жіберілген жеке аударымдар 104,1 млн. долларға 1144,3 млн. долларға дейін азайды. Нәтижесінде, басқа секторлардың трансферттік операцияларының теріс дисбалансы 1,3 млрд. доллар сомасында қалыптасып, 5,9%-ға төмендеді. Жеке тұлғалардың ақша аударымдарының елдер бойынша құрылымында, бұрынғыдай, Ресей Федерациясы алда келеді, оның үлесіне республикадан жіберілген қаражаттың жиынтық көлемінен 43% және шетелден алынған аударымдардың жалпы сомасынан 37,2% келеді.

Қаржылық шот

2015 жылдың 9 айында қаржы операцияларының (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен жасалатын операцияларды қоспағанда) шоты бойынша 7,2 млрд.доллар (базалық кезеңінде 3,9 млрд.доллар) теріс сальдо қалыптасты. Міндеттемелердің 2015 жылғы 3-тоқсандағы операциялармен негізделген өсімі және қаржы активтерінің қысқаруы (көбінесе 1 жартыжылдықтың операцияларымен) есепті кезеңде қаржылық операциялар бойынша капиталдың таза әкелінуін немесе «қалған елдерден таза қарыз алуды» қамтамасыз етті.

3-диаграммада қаржы операциялары шотының құрылымындағы құралдарды бөліп көрсете отырып, сол шоттың жай-күйінің серпіні берілді.



Есепті кезеңде елге капиталдың таза әкелінуі ҚР Ұлттық қорының сыртқы активтері төмендеуі есебінен көбінесе *Мемлекеттік басқару органдары секторының* операцияларымен, сондай-ақ ҚР Қаржы министрлігі капиталдың халықаралық нарықтарында қаражатты тарту есебінен қамтамасыз етілді (8-кесте).

Экономика секторлары бойынша қаржы шотының балансы
 ("+" - активтердің/ міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/ міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ доллары

	2012 ж. 9 ай	2013 ж. 9 ай	2012 ж. 9 ай	2015 ж. 9 ай
Қаржылық операциялар шотының балансы (резервтік активтерді қоспағанда)	3038,9	91,9	-3918,0	-7236,1
<i>Орталық Банк</i>	<i>21,9</i>	<i>-2,8</i>	<i>4,1</i>	<i>408,4</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	4,3	76,9	335,2	347,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	-17,6	79,6	331,1	-61,4
<i>Банктер</i>	<i>613,4</i>	<i>4220,6</i>	<i>-1926,5</i>	<i>-285,5</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	-231,1	2171,4	-2272,5	-1369,5
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	<i>-79,2</i>	<i>10,9</i>	<i>13,1</i>	<i>57,7</i>
Міндеттемелерді таза қабылдау	-844,5	-2049,3	-346,0	-1084,0
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	<i>452,1</i>	<i>-177,5</i>	<i>267,4</i>	<i>186,5</i>
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>11625,1</i>	<i>8177,2</i>	<i>5969,2</i>	<i>-7491,9</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	11682,1	8283,9	5891,1	-4213,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	57,0	106,7	-78,2	3278,4
<i>Басқа секторлар</i>	<i>-9221,5</i>	<i>-12303,2</i>	<i>-7964,9</i>	<i>132,8</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	6156,2	5364,7	4193,5	1275,0
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	<i>1472,3</i>	<i>1721,0</i>	<i>129,6</i>	<i>2014,0</i>
Міндеттемелерді таза қабылдау	15377,7	17667,9	12158,4	1142,1
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	<i>11635,4</i>	<i>8071,7</i>	<i>7493,2</i>	<i>4360,0</i>

Тікелей инвестициялар

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің таза өсуі сыртқы активтердің таза өсуінен 2,3 млрд. долларға асып кетті, бұл ретте 2015 жылғы 1 және 3-тоқсандардың нәтижелері теріс балансқа себепші болды, ал 2015 жылғы 2-тоқсанда активтердің өсуі міндеттемелер өсуінен асып түскен (2014 жылғы 9 айда бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің таза өсуі сыртқы активтердің таза өсуінен 7,6 млрд. долларға асып кеткен болатын).

Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржы активтерінің есепті кезеңде 2,2 млрд. доллардан (активтердің базалық кезеңде 142,7 млн. доллар) астам таза өсуі, негізінен, үлестес бейрезиденттердің фирмааралық берешегі ұлғаюымен байланысты болды.

ШТИ бойынша міндеттемелерді есепті кезеңде 4,5 млрд. доллар мөлшерінде (базалық кезеңде 7,8 млрд. доллар) **таза қабылдау (өсім)** Қазақстан кәсіпорындарының шетелдік тел компаниялары алдындағы фирмааралық берешектері өсуімен, сондай-ақ шетел компаниялары Қазақстан кәсіпорындарының капиталын ұлғайтуымен қамтамасыз етілді.

Тікелей инвестициялардың «салым бағыттары» қағидаты бойынша есепке алынған **Қазақстанға ШТИ жалпы әкелінуі**³ есепті кезеңде 11,0 млрд. доллар (базалық кезеңде 19,1 млрд. доллар) болды. ШТИ салымдары *өңделмеген мұнай және табиғи газ өндіруге* 72,7%-ға қысқарып, 1,9 млрд. доллар болды, *геологиялық барлау мен іздестірулерді жүргізу қызметіне* – 3,8 млрд. долларға дейін 14,3 %-ға, *көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік жөндеуге ШТИ салымдары* 1,1 млрд. долларға дейін 50,4%-ға, *машина мен жабдықтарды қоспағанда, металлургия өнеркәсібіне, дайын метал бұйымдарын өндіруге ШТИ салымдары* 1,5 млрд. долларға дейін 28,7%-ға қысқарды. *Сақтандыру және зейнетақы қорларының қызметтерін*

³ Қазақстандық еншілес кәсіпорындардың акционерлік капиталына түсімдері, қайта инвестицияланған пайда және өтеуді есепке алусыз шетелдік бас компаниялардан тартылған борыштық қаржыландыру кіреді.

қоспағанда, қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметке ШТИ салымдары 21,2%-ға өсіп, 0,5 млрд. доллар болды.

Елдер бойынша шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінен 33,6%) басым келеді, одан кейін АҚШ (16,6%), Швейцария (12,8%), Франция (6,1%), Ұлыбритания (5,6%), Бельгия (5,5%), Ресей Федерациясы (4,7%), Италия (3,6%), Германия (3,1%), Оңтүстік Корея (3,0%) және Жапония (2,4%) келеді.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар құрамында активтер қысқаруының жоғарғы қарқыны салдарынан олар бойынша міндеттемелер аздап ұлғаюы кезінде *портфельдік инвестициялар* балансы 7,3 млрд. доллар теріс сальдомен (базалық кезеңде 6,5 млрд. доллар оң сальдо) қалыптасты.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтерін таза сатып алу 6,3 млрд. доллар теріс сальдомен қалыптасты, ол ҚР Ұлттық Қорының шетелдік активтерінің 5,7 млрд. долларға қысқаруына, сондай-ақ Қазақстан банктерінің шетелдік активтері 0,6 млрд. долларға азаюына байланысты болды (9-кесте).

9-кесте

Экономика секторлары бойынша портфельдік инвестициялар бойынша операциялар

млн. АҚШ доллары

	2012 ж. 9 ай	2013 ж. 9 ай	2012 ж. 9 ай4	2015 ж. 9 ай
Қаржы активтерін таза сатып алу	11860,6	5329,2	8474,5	-6312,2
<i>Орталық Банк</i>	0,0	47,6	0,6	-2,8
Борыштық бағалы қағаздар	0,0	47,6	0,6	-2,8
<i>Банктер</i>	121,0	613,4	-205,4	-661,5
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық корлардағы үлестер	-5,3	-5,7	0,0	-12,7
Борыштық бағалы қағаздар	126,3	619,1	-205,4	-648,8
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	12198,0	4651,0	8759,7	-5677,6
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық корлардағы үлестер	1333,5	2553,2	91,3	-1072,9
Борыштық бағалы қағаздар	10864,5	2097,8	8668,4	-4604,8
<i>Басқа секторлар</i>	-458,4	17,2	-80,4	29,7
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық корлардағы үлестер	10,9	-51,5	36,7	-108,6
Борыштық бағалы қағаздар	-469,3	68,7	-117,1	138,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	-781,3	2844,4	1974,4	962,4
<i>Орталық Банк</i>	-19,8	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	-19,8	0,0	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	-694,6	-262,8	-460,9	-229,0
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық корлардағы үлестер	-56,1	2,5	-52,4	-10,0
Борыштық бағалы қағаздар	-638,6	-265,3	-408,5	-219,0
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-19,8	0,0	-12,5	3420,5
Борыштық бағалы қағаздар	-19,8	0,0	-12,5	3420,5
<i>Басқа секторлар</i>	-47,0	3107,2	2447,8	-2229,1
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық корлардағы үлестер	-201,5	39,5	-51,5	-21,4
Борыштық бағалы қағаздар	154,5	3067,7	2499,3	-2207,7
Портфельдік инвестициялар балансы	12641,9	2484,8	6500,1	-7274,6

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелерді таза қабылдау есепті кезеңде 1,0 млрд. долларға жуық (базалық кезеңде шамамен 2,0 млрд. доллар) оң қалыптасты, бұл, ең алдымен, 2015 жылғы 3-тоқсандағы ҚР Қаржы министрлігінің 4,0 млрд. доллар сомасына

еурооблигациялардың шығарылымы бойынша операцияларымен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, есепті кезеңде бұрын шетелдік нарықтарға шығарылған борыштық бағалы қағаздарды банктік емес ұйымдардың өтеуі тіркелді.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша теріс сальдо 141,2 млн. доллар (базалық кезеңде оң сальдо 5,8 млн. доллар) болды. Есепті кезеңде туынды құралдармен операцияларды негізінен қазақстандық банктер, сондай-ақ ҚРҰҚ шетелдік активтерімен жасады.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелген операциялар бойынша есепті кезеңде резиденттер активтерінің аздап ұлғаюы (141,2 млн. долларға) кезінде олардың міндеттемелерінің елеулі түрде қысқаруы (2,4 млрд. долларға) нәтижесінде 2,5 млрд. доллар оң баланс (базалық кезеңде 2,8 млрд. доллар теріс сальдо) қалыптасты.

Орташа ұзақмерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 517,3 млн. долларға төмендеуі тіркелді, ол банктердің бейрезиденттер алдындағы депозиттері бойынша және мемлекеттік басқару органдарының кредиттері мен қарыздары бойынша міндеттемелерінің қысқаруына негізделді. (10-кесте).

10-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген міндеттемелерді таза қабылдауы («+» – міндеттемелердің өсуі, «-» – міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ доллары

	2012 ж. 9 ай	2013 ж. 9 ай	2012 ж. 9 ай4	2015 ж. 9 ай
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,0	19,8	0,0	-19,6
Басқа секторлар	0,0	19,8	0,0	-19,6
Орта және ұзақмерзімді инвестициялар	3295,1	3957,3	1607,8	-517,3
Орталық банк	0,0	0,0	223,9	72,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	223,9	72,5
Басқа міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0
Банктер	-477,9	-997,3	-130,9	-639,6
Қолма-қол валюта және депозиттер	298,4	490,1	-101,8	-700,6
Кредиттер және қарыздар	-776,2	-1487,5	-29,0	61,0
Мемлекеттік басқару органдары	76,8	106,8	-66,5	-142,1
Кредиттер және қарыздар	76,8	138,1	-33,2	-106,3
Басқа міндеттемелер	0,0	-31,3	-33,3	-35,8
Басқа секторлар	3696,1	4847,9	1581,3	192,0
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары	0,0	38,1	40,9	-19,3
Кредиттер және қарыздар	3536,3	4648,0	1390,0	342,6
Сауда кредиттері және аванстар	159,8	161,7	164,3	-119,0
Басқа міндеттемелер	0,0	0,0	-13,9	-12,3
Қысқамерзімді инвестициялар	88,7	1144,9	679,2	-1826,3
Орталық банк	2,2	79,6	107,2	-133,8
Қолма-қол валюта және депозиттер	3,5	78,6	105,6	-134,0
Сауда кредиттері және аванстар	-1,3	0,0	0,0	0,0
Өзге міндеттемелер	0,0	1,0	1,6	0,1
Банктер	-7,6	-556,4	-64,8	-529,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	-230,1	-468,7	68,8	-269,8
Кредиттер және қарыздар	232,0	-66,5	-128,2	-260,4
Басқа міндеттемелер	-9,4	-21,2	-5,5	1,3
Мемлекеттік басқару органдары	0,0	-0,1	0,9	0,0
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	-0,1	0,9	0,0
Басқа секторлар	94,1	1621,8	636,0	-1163,5
Кредиттер және қарыздар	-383,0	172,1	193,5	-250,4
Сауда кредиттері және аванстар	542,3	1344,9	505,1	-836,2
Басқа міндеттемелер	-65,2	104,7	-62,7	-76,9
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	3383,8	5122,0	2287,0	-2363,2

Қысқамерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 1,8 млрд. долларға төмендеуі банктік емес сектордағы кәсіпорындардың кредиторлық берешегінің қысқаруымен, банктердің және банктік емес ұйымдардың бейрезиденттердің алдындағы кредиттері мен қарыздары бойынша қысқамерзімді міндеттемелерді өтеуімен, сондай-ақ бейрезиденттердің ҚР Ұлттық Банкіндегі және қазақстандық банктердегі шоттарындағы активтерінің азаюымен байланысты болды.

Басқа инвестициялар бабы бойынша **қаржылық активтер** есепті кезеңде 141,2 млн. долларға ұлғайды. Активтердің өсуіне 2015 жылғы 3-тоқсандағы ҚР Ұлттық қорының шетел банктерінің шоттарындағы қаражатты ұлғайту, сондай-ақ Ұлттық Банк жүргізген жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операцияларының төлем балансында жіктелмеген бағасы (басқа секторлардың басқа да талаптарында көрсетіледі) ықпал етті. Сонымен қатар, бейрезиденттердің резидент банктік емес ұйымдар алдындағы кредиттері мен қарыздары бойынша өздерінің (негізінен ұзақмерзімді) міндеттемелерін өтеуі **Басқа инвестициялар** бабы бойынша активтердің ұлғаюының ішінара орнын толтырды (11-кесте).

11-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген қаржы активтерін таза сатып алуы («+» – активтердің ұлғаюы, «-» – активтердің төмендеуі)

млн. АҚШ доллары


	2012 9 ай	2013 9 ай	2014 9 ай	2015 9 ай
<i>Орталық банк</i>	4,3	29,1	334,6	199,8
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,5	-4,1	264,2	107,3
Кредиттер және қарыздар	0,0	33,2	70,4	92,5
Басқа талаптар	3,8	0,0	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	-260,7	1562,6	-2132,7	-746,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	-55,9	1458,7	-1715,3	-156,1
Кредиттер және қарыздар	-310,2	-34,4	-582,9	-91,0
Басқа талаптар	-6,4	138,3	165,5	-499,4
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-496,6	-3651,4	-2865,4	1458,5
Капиталға қатысудың басқа құралдары	7,4	207,4	203,3	5,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	-509,3	3433,6	-3074,0	1431,7
Кредиттер және қарыздар	-0,9	-0,9	-0,9	-0,9
Сауда кредиттері және аванстар	6,3	11,4	6,3	22,2
<i>Басқа секторлар</i>	5142,3	3624,6	4144,5	-770,6
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,0	0,0	2,7	0,3
Қолма-қол валюта және депозиттер	43,5	228,0	2559,4	-355,9
Кредиттер және қарыздар	921,3	630,3	-434,5	-2430,4
Сауда кредиттері және аванстар	1575,8	769,5	-109,7	-125,4
Басқа талаптар	2601,8	1996,8	2126,6	2140,9
Қаржы активтерін таза сатып алу, барлығы	4389,3	8867,7	-519,0	141,2

Төлем балансының қаржылық шотында тіркелген жеке сектордың барлық операциялары сондай-ақ қателер мен олқылықтар кіретін **жеке сектордың капиталды таза әкетуі**, есепті жылы 4,2 млрд. долларға (2014 жылғы 9 айдағы таза әкету 2,8 млрд. доллар) бағаланды, оның 2,3 млрд. доллары 2015 жылғы 3-тоқсанға тиесілі.

Резервтік активтер

2015 жылғы 9 айдың қорытындылары бойынша Ұлттық Банктің халықаралық резервтері операциялық өзгерістер нәтижесінде 0,8 млрд. долларға қысқарды. Резервтік активтердің төмендеуі 2015 жылғы 2 және 3-тоқсандарда (тиісінше, 0,6 млрд. долл. және 0,7 млрд. долл.) ішкі валюта нарығындағы операциялармен қамтамасыз етілді, бұл ретте 2015 жылғы 1-тоқсанда резервтік активтер 0,5 млрд. долларға ұлғайды.

Ұлттық Банктің операцияларынан басқа резервтік активтер деңгейінің өзгеруіне төлем балансында көрсетілмейтін бағамдық және құндық өзгерістер ықпал етеді. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық қордың активтерін есептемегенде) 28,0 млрд. долларға бағаланды, ол қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортының 6,8 айын өтейді.



Халықаралық резервтердің жалпы көлемінде 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша монетарлық алтынның үлесі 27,5% немесе 7,7 млрд. доллар (2014 жылғы 31 желтоқсанда – 25,3% немесе 7,4 млрд. доллар), валюталық активтердің үлесі – 72,5% немесе 20,3 млрд. доллар (2014 жылғы 31 желтоқсанда – 74,7% немесе 21,8 млрд. доллар) болды.

Нақты тиімді айырбастау бағамының серпіні


2015 жылғы 9 айдың ішінде теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының (НТАБ) серпіні түрлі бағытта болды және негізгі сауда-саттық серіктестері валюталарының құнсыздануының басым ықпалмен және қаралып отырған кезеңнің аяғында теңге бағымын айтарлықтай түзетумен қалыптасты. Мәселен, 2015 жылғы бірінші тоқсанда теңгенің НТАБ индексіне қысым рублдің айтарлықтай құнсыздануы әсер етті, екінші тоқсанда теңгенің нақты бағамы Еуропа Орталық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы бойынша сандық жеңілдік бағдарламасының басталуынан болған еуроның біршама құнсыздануына байланысты нығаяу серпінін жалғастырды.

2015 жылғы тамызда Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу режиміне өтті, бұл нақты көрсеткіш бойынша теңге бағамының айтарлықтай әлсіреуіне ықпал етті.

2015 жылғы 9 айдың қорытындылары бойынша НТАБ индексі 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 22,5%-ға қысқарды және 2000 жылғы желтоқсандағы бәсекеге қабілеттіліктің базалық деңгейіне қатысты 92,0% болды. Бұл ретте ТМД елдерінің валюта қоржынына қатысты есептелген НТАБ индексі 2015 жылғы қыркүйекте 2014 жылғы желтоқсанға қарағанда 21,9%-ға, ал қалған елдердің валюталарына қатысты 22,6%-ға қысқарды.

Негізі әріптес елдердің валюталарына қатысты теңгенің екіжақты нақты айырбастау бағамдары кему серпінін көрсетті. Мәселен, 2015 жылғы қыркүйекте 2014 жылғы желтоқсанға қарағанда, теңге НАБ-ның рубльге қатысты 21,6%-ға, АҚШ долларына – 28,5%-ға, еуроға – 20,6%-ға, юаньға – 26,7%-ға әлсірегені белгіленді (5-диаграмма).

5-диаграмма. Теңгенің негізгі валюталарға нақты айырбастау бағамдары (2013 жел. = 100)



Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

(млн. АҚШ долл.)

	2013	2013				2014	2014				2015 9 ай	2015		
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	858,0	2166,1	1030,2	-2348,7	10,4	5994,0	6677,9	477,8	-1093,4	-68,3	-3777,7	-49,2	-2309,5	-1419,0
Сауда балансы	34792,3	10407,7	8804,7	7076,3	8503,6	36698,7	14373,3	8445,8	7789,6	6090,0	10389,9	4248,0	3369,5	2772,3
Экспорт	85595,4	20825,9	22279,2	20321,2	22169,2	80281,5	23099,7	19778,0	19848,8	17554,9	36152,6	12144,3	12636,4	11371,8
Импорт	50803,2	10418,2	13474,5	13244,8	13665,6	43582,8	8726,4	11332,3	12059,2	11465,0	25762,7	7896,3	9266,9	8599,5
Қызмет балансы	-7160,1	-1412,7	-1653,1	-2021,4	-2072,9	-6354,3	-1302,4	-1622,2	-1728,6	-1701,1	-3760,2	-1064,2	-1215,6	-1480,4
Экспорт	5298,3	1140,9	1392,8	1429,2	1335,5	6571,1	1396,3	1649,5	1749,6	1775,7	4746,1	1489,9	1535,6	1720,7
Импорт	12458,4	2553,5	3045,9	3450,6	3408,4	12925,4	2698,7	3271,7	3478,2	3476,8	8506,2	2554,0	2751,2	3201,0
Бастапқы кірістер балансы	-25147,7	-6587,3	-5680,8	-6892,5	-5987,1	-22657,9	-6116,4	-5961,2	-6686,4	-3893,8	-9013,5	-3005,3	-3731,5	-2276,6
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1803,7	-422,3	-434,3	-452,6	-494,6	-1793,0	-437,6	-436,5	-451,8	-467,1	-1296,5	-421,7	-433,1	-441,7
Инвестициялық кірістер	-23483,8	-6199,9	-5281,5	-6474,9	-5527,5	-21004,6	-5713,8	-5559,6	-6269,5	-3461,7	-7821,8	-2618,5	-3333,4	-1869,9
Алынатын кірістер	2176,7	518,1	722,1	468,9	467,7	1892,3	506,5	498,9	433,4	453,6	1399,0	511,1	464,5	423,4
Тікелей инвестициялардан кірістер	347,6	66,6	221,9	35,9	23,2	127,0	24,6	36,8	25,2	40,3	212,8	57,9	79,7	75,2
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1094,4	250,1	302,9	272,2	269,3	1183,0	325,9	309,0	270,0	278,0	804,4	296,4	271,3	236,7
Басқа инвестициялардан кірістер	734,7	201,4	197,3	160,8	175,2	582,4	155,9	153,1	138,1	135,3	381,8	156,8	113,4	111,5
<i>o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1162,1	293,5	321,5	283,7	263,4	1176,8	323,3	321,7	273,0	258,7	790,5	264,9	276,3	249,3
Төленетін кірістер	25660,5	6718,0	6003,6	6943,8	5995,1	22897,0	6220,3	6058,6	6702,9	3915,2	9220,8	3129,7	3797,8	2293,3
Тікелей инвестициялардан кірістер	22510,9	5985,1	5204,4	6051,4	5270,1	19744,4	5485,1	5266,8	5790,9	3201,7	6913,5	2452,4	2988,8	1472,3
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1590,9	349,4	415,5	503,0	323,0	1667,1	352,8	370,6	567,5	376,2	1293,5	342,5	465,6	485,5
Басқа инвестициялардан кірістер	1558,7	383,5	383,7	389,4	402,1	1485,5	382,4	421,1	344,5	337,4	1013,8	334,8	343,5	335,6
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	104,8	34,9	34,9	34,9
Қайталама кірістер балансы	-1626,4	-241,6	-440,5	-511,1	-433,2	-1692,4	-276,6	-384,5	-468,0	-563,4	-1393,9	-227,7	-731,9	-434,3
Капиталмен операциялар шотының балансы	-6,4	-8,6	2,7	-0,6	0,1	29,3	16,0	2,9	2,2	8,3	44,2	-3,6	44,3	3,5
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-303,2	997,6	-1320,2	414,6	-395,1	-6797,8	2384,6	-1663,5	-4639,2	-2879,7	-7236,1	-2528,7	-1667,8	-3039,6
Тікелей инвестициялар	-8034,4	-2079,5	-2081,9	-2000,9	-1872,1	-4717,4	-2593,4	-1391,2	-3633,4	2900,6	-2324,7	-1389,7	203,6	-1138,6
Қаржылық активтерді таза алу	1976,9	1842,0	-303,4	193,3	245,0	2333,4	-748,2	476,4	414,5	2190,7	2221,7	1164,8	837,6	219,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	10011,3	3921,4	1778,5	2194,2	2117,1	7050,7	1845,2	1867,5	4047,9	-709,9	4546,5	2554,6	634,0	1357,9
Портфельдік инвестициялар	6033,6	2355,4	-1258,1	1387,5	3548,8	1037,8	4313,5	239,7	1947,0	-5462,4	-7274,6	-796,0	-1292,8	-5185,8
Қаржылық активтерді таза алу	8503,0	2836,7	2527,6	-35,1	3173,8	6472,7	4038,6	2527,2	1908,7	-2001,8	-6312,2	-2115,2	-2616,4	-1580,6
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	7779,5	2660,7	2479,9	-441,9	3080,9	6799,7	4107,9	3091,0	1561,5	-1960,6	-5680,4	-1529,5	-2531,8	-1619,1
Банктер	556,6	376,7	33,9	202,8	-56,8	-218,5	-91,3	-158,7	44,6	-13,1	-661,5	-632,2	-36,3	7,0
Басқа секторлар	167,0	-200,7	13,8	204,1	149,8	-108,5	22,1	-405,1	302,6	-28,0	29,7	46,5	-48,2	31,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	2469,4	481,3	3785,7	-1422,6	-375,0	5434,9	-274,8	2287,4	-38,3	3460,6	962,4	-1319,2	-1323,6	3605,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	0,9	0,0	1,3	-1,3	0,9	1969,6	-12,5	0,0	0,0	1982,1	3420,5	47,8	-122,5	3495,1
Банктер	-631,8	400,6	-627,7	-35,7	-369,0	-809,9	-298,3	-220,5	57,8	-348,9	-229,0	-52,0	-121,2	-55,8
Басқа секторлар	3100,3	80,7	4412,1	-1385,6	-6,9	4275,2	36,0	2507,9	-96,1	1827,4	-2229,1	-1315,0	-1079,9	165,8
Туынды қаржы құралдары (нетто)	103,7	-50,3	17,2	56,7	80,1	-37,1	42,9	29,7	-66,8	-42,9	-141,2	-137,5	58,3	-62,0

	2013	2013				2014	2014				2015 9 ай	2015		
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II	III
